

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі мен Молдова Республикасының Экономикалық қылмыстар және жемқорлыққа қарсы күрес орталығы арасындағы қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-әрекеттер саласында өзара іс-қимыл ынтымақтастық туралы МЕМОРАНДУМ*

Меморандум, Ереван қ., 2011 жылғы 12 шілде

(2016 жылғы 17 ақпанда күшіне енді - Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары бюллетені, 2016 ж., № 3, 39-құжат)

Бұдан әрі “Тараптар” деп аталатын Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі және Молдова Республикасының Экономикалық қылмыстар мен жемқорлыққа қарсы к ү р е с о р т а л ы ғ ы ,

бір-бірімен қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-әрекеттерге байланысты ақпарат алмасу саласында тиімді ынтымақтастықта өзара мүдделілікке сүйене отырып,

қылмыстық кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға байланысты қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруда (жылыстатуда) және криминалдық іс-қимылда күдікті адамдарды қудалауда көмек көрсетуге қатысты ынтымақтастық екі Тараптың да мүддесіне жауап беретінін м о й ы н д а й о т ы р ы п ,

осы мақсаттарға қол жеткізу үшін тиісті құқықтық шарттар болуы қажет екендігін мойындай отырып, төмендегі туралы келісті:

1-бап

Тараптар, өз құзыреті шегінде өз мемлекеттерінің ұлттық заңнамаларымен халықаралық құқық нормаларына сәйкес іс-қимыл жасай отырып, осы Меморандумның ережелеріне сай ынтымақтастықты, оның ішінде ақпарат алмасуды жүзеге асырады.

2-бап

Тараптар, олар қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастырумен (жылыстатумен) және терроризмді қаржыландырумен байланысты екендігіне күдігі бар ақшалай қаражатпен және (немесе) өзге мүлікпен операциялар туралы, сондай-ақ осындай операцияларды жасауда қатысқан жеке және заңды тұлғалар туралы өздерінің қарамағындағы ақпаратты жинау, өңдеу және талдау сатыларында ынтымақтастықты, оның ішінде ақпарат алмасуды жүзеге асырады.

Ақпарат алмасу Тараптардың бірінің бастамасы немесе сұрау салуы бойынша жүзеге асырылады. Ақпарат алуға сұрау салуда оның қысқаша негіздемесі қамтылуы тиіс.

3-бап

Осы Меморандумның негізінде алынған ақпарат терроризмді қаржыландыруға, Тараптар мемлекеттерінің ұлттық заңнамаларында олар қалай айқындалған болса, сондай көрсетілген құқық бұзушылықтардың алдында болған қоғамға қауіпті құқыққа қарсы әрекеттер жасау нәтижесінде алынған қылмыстық кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) байланысы болуы мүмкін материалдар бойынша тексеру жүргізу үшін пайдаланылады және беріп отырған Тараптың алдын ала рұқсатынсыз үшінші тұлғаларға жария етілмейді және әкімшілік, тергеу немесе сот мақсаттарында қ о л д а н ы л м а й д ы .

Тараптар екінші Тараптың алдын ала рұқсатынсыз алынған ақпаратты осы Меморандумда көрсетілген мақсаттардан өзге мақсатта пайдалануға немесе жария е т у г е ж о л б е р м е й д і .

Осы Меморандум қылмыстық істер бойынша беру және құқықтық көмек көрсету мәселелерін қозғамайды.

4-бап

Осы Меморандумға сәйкес алынған ақпарат құпия болып табылады және оған қабылдаушы Тарап мемлекетінің ұлттық заңнамасында ұлттық көзден алынған осындай ақпаратқа қатысты көзделген қорғау режимі қолданылады.

5-бап

Тараптар ынтымақтастық, оның ішінде ақпарат алмасу тәртібін өз мемлекеттерінің ұлттық заңнамаларына сәйкес бірлесіп айқындайды және осы Меморандумды іске асыру мәселелері бойынша қажетті консультацияларды бірлесіп жүргізеді.

6-бап

Тараптардың арасындағы ынтымақтастық пен ақпарат алмасу орыс тілінде жүзеге асырылады.

7-бап

Тараптар, егер сұрау салуда айқындалған фактілер бойынша сұрау салушы Тараптың мемлекетінде сотқа дейінгі немесе сот тергеуі жүргізіліп жатса, сондай-ақ

егер сұрау салуды орындау Тараптар мемлекеттерінің егемендігіне, қауіпсіздігіне, қоғамдық тәртібіне немесе ұлттық мүдделеріне нұқсан келтіруі мүмкін не ұлттық заңнамаларына және (немесе) халықаралық құқық нормаларына қайшы келсе сұрау салынған ақпаратты беруге міндетті емес.

8-бап

Осы Меморандумның ережелері Тараптардың мемлекеттері қатысушысы болып табылатын халықаралық шарттардан туындайтын құқықтары мен міндеттемелеріне қозғамайды.

9-бап

Осы Меморандумға өзгерістер мен толықтырулар Тараптардың өзара келісімі бойынша енгізілуі мүмкін, олар осы Меморандумның ажырамас бөліктері болып табылады және жекелеген хаттамалармен ресімделеді.

10-бап

Осы Меморандумды түсіндіру немесе қолдану мәселелері бойынша келіспеушіліктер туындаған жағдайда, Тараптар оларды консультациялар және келіссөздер жолымен шешетін болады.

Қорытындылаушы ереже

Осы Меморандум дипломатиялық арналар арқылы әрбір Тараптың мемлекет ішілік келісу рәсімі орындау туралы соңғы жазбаша хабарлама алынған күннен бастап күшіне енеді. Оның күшіне ену үшін қажетті.

Осы Меморандум бес жыл мерзімге жасалады. Оны қызметі келесі бес жылдық кезеңге автоматты түрде ұзартылып отырады, егер Тараптардың ешбіреуі жазбаша түрінде, дипломатиялық арналар арқылы, Меморандум әрекетін тоқтату туралы талабын Меморандумды атқарудың кез келген кезеңінде, Тараптардың біреуінен сондай ниеті туралы жазбаша хабарлама алған күннен бастап 6 (алты) ай өткеннен кейін тоқтатылады.

2011 жылғы 12 шілде Ереван қаласында әрқайсысы қазақ, молдаван және орыс тілдеріндегі екі данадан жасалды, осы ретте мәтіндердің барлығы бірдей күшке ие.

Осы Меморандумның ережелерін түсіндіруге қатысты келіспеушіліктер туындаған жағдайда, Тараптар орыс тіліндегі мәтінге жүгінетін болады.

*Қазақстан Республикасының
Қаржы министрлігі үшін*

*Молдова Республикасының
Экономикалық қылмыстар мен*

жемқорлыққа қарсы күрес

орталығы үшін

(Қолдары)

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК